

Алматы облысының 2020-2021 жылдарға арналған спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 583 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 26 желтоқсанда № 5373 болып тіркелді

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағының 20-5) тармақшасына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысының 2020-2021 жылдарға арналған спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің "Спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекіту туралы" 2017 жылғы 29 қарашадағы № 534 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4407 тіркелген, 2017 жылдың 15 желтоқсанында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның облыс әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркеуден кейін осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді он жұмыс күні ішінде "Алматы облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Мәнізоровке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі

А. Баталов

А. Райымқұлова

Облыс әкімі 2019 жылғы 25 желтоқсаны № 583
қаулысына қосымша/ бекітілген

Алматы облысының 2020-2021 жылдарға арналған спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі

Топтар атауы	№	Олимпиадалық емес спорт түрінің атауы	Ж а з ғ ы олимпиадалық спорт түрінің атауы	Қ ы с қ ы олимпиадалық спорт түрінің атауы	Паралимпидалық спорт түрінің атауы	Ұлттық спорт түрінің атауы
" А " тобы	1	Грэпплинг	Ауыр атлетика	Биатлон	Жеңіл атлетика	Жекпе-жек
	2	Джиу-джитсу	Бокс	Конькимен мәнерлеп сырғанау	Жүзу	Қазақ күресі
	3	Шинкиокушинкай каратэ	Грек-рим күресі	Ш а ң ғ ы жарыстары	Үстел теннисі	Құсбегілік
	4	Қол күресі	Дзюдо		Нысана көздеу	Тоғызқұмалақ
	5	Самбо	Еркін күрес		Садақ ату	
	6	Сурдо бадминтон	Желкенді қайық спорты		Ш а ң ғ ы жарыстары	
	7	Сурдо армрестлинг	Жеңіл атлетика		Арбамен би	
	8	Сурдо грек-рим күресі	Жүзу		Пауэрлифтинг	
	9	Сурдо дзюдо	Классикалық волейбол		Қол күресі	
	10	Сурдо еркін күрес	Регби		Тұрып ойнау волейболы	
	11	Сурдо жүзу	Садақ ату		Отырып ойнау волейболы	
	12	Сурдо шахмат	Таеквондо WTF		Голбол	
	13				Таеквондо	
	14				Дзюдо	
" В " тобы	1	Белбеу күресі	Әйелдер күресі	Ш а ң ғ ы қоссайысы		Аударыспақ
	2	Кекушинкай каратэ	Байдарка мен каноэде есу	Шайбалы хоккей		Бәйге
	3	Қоян-қолтық ұрыс	Баскетбол			Көкпар
	4	Жауынгерлік жекпе-жектің аралас түрлері (ММА)	Каратэ-до			
	5	Муайтай	Көгалдағы хоккей			
	6		Қазіргі бессайыс			
	7		Қол добы			
	8		Спорттық гимнастика			
	9		Спорттық құзға өрмелеу			
	10		Тасжолдағы велосипед спорты			
	11		Тректегі велосипед спорты			

	12		Үстел теннисі			
	13		Футбол			
"С" тобы	1	Гір спорты	Ат спорты	Керлинг		Асық ату
	2	Каратэ-до шотокан	Көркем гимнастика	Конькимен жүгіру спорты		Жамбы ату
	3	Кикбоксинг	Маунтинбайк велосипед спорты	Шорт-трек		Хан дейбы
	4	Қысқы президенттік көпсайыс	Стенд ату	Фристайл		
	5	Панкратион	Теннис			
	6	Параплан спорты	Триатлон			
	7	Пауэрлифтинг				
	8	Ушу				
	9	Шаңғымен бағдарлау				
	10	Шахмат				
	11	Шашки				
	12	Унибой				

**** аббревиатуралардың түсіндірмесі:**

Сурдо – Сурдолимпиадалық спорт түрлері

MMA - Mixed Martial Arts (Миксд Мартиал Артс)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК